

## Қазақстан Республикасы төрелік соттарының банк қызметімен байланысты дауларды шешуі кезінде зандарды қолдануы туралы

### *Күшін жойған*

Қаулы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Пленумы 1995 жылғы 8 ақпан N 4. Күші жойылды - ҚР Жоғарғы Сотының 2008 жылғы 22 желтоқсандағы N 28 Нормативтік қаулысымен.

**Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Жоғарғы Сотының 2008 жылғы 22 желтоқсандағы N 28 Нормативтік қаулысымен.**

Қазақстан Республикасы Жоғары Төрелік Сотының Пленумы Қазақстан Республикасы төрелік соттарының банк қызметімен байланысты дауларды шешуі кезінде зандарды қолдану тәжірибесін талқыладап, осы санаттағы дауларды шешу кезінде кемшіліктер жіберілгендейді.

Істерді тындауға тиісті түрде дайындау, іс-жағдайларын толық зерттемеу, соттардың азаматтық заң нормаларын, сондай-ақ есеп айырысу-несие қатынастарын заемды, кепілдікті, сақтандыруды реттейтін жергілікті нормативтік актілерді дұрыс қолданбауы бір қатар сот ісіндегі қателіктердің себебі болған.

Жекелеген істер бойынша шешімдер заңға сілтемесіз баяндалды.

Осы санаттағы даулар бойынша алдын алу жұмыстары тиімділікпен жүргізілмейді.

Сот-төрелік тәжірибесінің біркелкілігін қамтамасыз ету мақсатында "Қазақстан Республикасының төрелік соты туралы" Заңының 26 бабын басшылыққа ала отырып Қазақстан Республикасы Жоғары Төрелік Сотының Пленумы

қаулы етеді:

Төрелік соттарға мынадай түсініктемелер берілсін:

1. Есеп айырысу-несие қатынастарының бұзылуына байланысты соның ішінде тараптардың бірі банкі болғанда, сақтандыру шарттарынан туындаитын дауларды қарау барысында, соттар "Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі туралы" Z952155\_, "Қазақстан Республикасындағы банкілер туралы" Зандарды, Қазақстан Республикасы Конституциясына қайшы келмейтін КСР Одағы Азаматтық заң негіздерінің тиісті нормаларын және 01.01.90 жылдан кейін қабылданған заң актілерін басшылыққа алуы тиіс.

Қазақстан Республикасы Жоғары Кенесінің 30.01.93 N 1948-XII "Экономикалық реформалар жүргізу кезеңінде азаматтардың құқықтық

қатынастарын реттеу туралы" қаулысына сәйкес 28.12.63 жылғы Қазақ КСР Азаматтық кодексі нормалары Азаматтық заң негіздеріне қайшы келмейтін реттерінде қолданылады.

Банк пен дербес шаруашылық жүргізуші субъектілер арасында туындайтын кепілдікпен қамтамасыз етілген міндеттер жөніндегі дауларды қараған кезде соттар "Кепіл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының ережелерін қолданғаны жөн.

Сақтандыру саласындағы тараптардың қатынастары "Қазақстан Республикасындағы сақтандыру туралы" Заңымен, "Сақтандыру нарығын қалыптастыру және дамыту жөніндегі ұйымдастыру-құқықтық шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 16.04.94 жылғы Жарғысымен, Қазақстан Республикасында банктердің заңды және жеке тұлғалардың салымдарын (депозиттерін) сақтандыруы ережелерімен реттеледі.

Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі Заңмен берілген өкілеттіктер шеңберінде банк қызметі мәселелерін, есеп айырысу-несие құқықтық қатынастарын, валюталық операцияларды реттейтін және республика аумағында орындалуға міндетті бір қатар жергілікті заң актілерін қабылдады. Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі қабылдаған нормативтік актілер тізімі осы қаулының N 1 қосымшасында көрсетілген.

2. Банк басқармасы Ұлттық банктің банк қызметін жүзеге асыруға (банк ашуға) рұқсат қағазды қайтару туралы шешімімен келіспеген жағдайда, ол "Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі туралы" Заңының 34 бабына сәйкес шешім алынған сәттен бастап 10 күннің ішінде төрелік сотқа шағым жасауға құқылы. Бұл жағдайларда төрелік сотқа дейінгі реттеу тәртібін сақтаудың қажеті жоқ ("Көсіпорындардың, ұйымдардың және мекемелердің талаптар қоюы мен оны қарau және шаруашылық шарттары жөніндегі келіспеушіліктерді реттеудің тәртібі туралы" Ереженің 2 тармағы). Соттар аталған мерзімді процессуалды мерзім ретінде бағалап, оған "Қазақстан Республикасы төрелік соттарының шаруашылық дауларын шешу тәртібі туралы" Заңының 61-65 баптарының талаптары таралады. Бұндай істердің сотқа қарастылығы аталған Заңың 18 бабымен анықталады.

3. Банк қызметінен туындайтын дауларды шешу барысында төрелік соттар мынаны ескеруі керек: "Қазақстан Республикасындағы банктер туралы" Заңының 1 бабына сәйкес, бір де бір заңды тұлға, егер ол банктің ресми мэртебесіне ие болмаса, банк деп аталынбайды немесе өзін банк қызметімен айналысады деп сипаттай алмайды.

Банктің ресми мэртебесі Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің банк ашуға рұқсатымен және банк операцияларын жүргізуге рұқсат қағазы болуымен анықталады.

Осы санаттағы дауларды шешу барысында төрелік соттар дербес шаруашылық жүргізуі субъектілердің рұқсат қағазының жасаған қызметтерінің фактілері бойынша келісім субъектілерінің құқықтылығын тексеруі, жасалған мәмілелерге баға беруге тиіс.

Бұл ретте мамандандырылған мемлекеттік инвестициялық банктерден басқа банктер мен олардың филиалдарына материалдық өндіріс, материалдық құндылықтармен сауда жасау саласында, ақша және несие тәуекелдерін сақтандырудан, банктер құрудан басқа, жарғы капиталы мен сақтандыру қызметінде жұмыс істеуге тыйым салынатындығын ескеру керек.

4. Филиалдардың қатысуымен дауларды қарау барысында соттар "Қазақстан Республикасы төрелік соттарының шаруашылық дауларын шешу тәртібі туралы" Заңының 25 бабын басшылыққа алғаны жөн. Оған сәйкес құрылым бірлігі іс бойынша тарап ретінде төрелік процеске қатысуға құқылы. Филиалдардың ондай құқықтылығын анықтау үшін соттар филиалдың мәртебесін айқындастын құжаттарды бас банкінің (бір жолғы немесе тұрақты) сенім хатын талап еткені жөн.

5. Төрелік соттар "Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі туралы" Заңының 6 бабына және "Қазақстан Республикасының салық жүйесі туралы" Заңының 3 бабына сәйкес Ұлттық банк пен оның мекемелері салық пен алымдардың барлық түрінен, соның ішінде төрелік сотқа шағымданған кезде мемлекеттік баж төлеуден босатылатынын ескеруі керек. Бұл норма коммерциялық банктерге таралмайды.

6. Соттар несие шарттарын және қаржыларды депозит бойынша орналастыру тиісті түрде орынданаған кезде туындастын дауларды қарау барысында салымшылардың салымдарды беру туралы банкке деген талаптарына және банктердің берілген несиeler мен қаржыларды бергендейді мен қаржыларды пайдаланғаны үшін төлем (процент) жөніндегі талаптарына істің ескіргендігі таралмайтындығын ескеруі тиіс.

Шығындардың орнын толтыру және санкцияны өндіріп алу туралы даулар ескіргендік мерзімі шенберінде қаралады.

Тараптар қарызды пайдаланғаны және банкі шоттарында қаржыларды сақтағаны үшін проценттерді, оларды есептеу және өндіріп алу тәртібін несие шарттарында және банкі салымы шарттарында қарастырады. Ақы мөлшері нақты және еркін болуы мүмкін және ол шартта көрсетілуі керек. Егер несиегердің бір жақты түрде проценттік ақыларды өзгерту туралы құқының шарттары көрсетілмесе, олардың арттырылуын жалпы тәртіп бойынша, яғни тараптардың келісімімен шартқа өзгерістер енгізу арқылы банк жүргізуі тиіс. Мерзімі өтіп кеткен қарызды ықтиярсыз өтеу туралы істерді қараған кезде төрелік соттар несиені пайдаланғаны үшін процентті қайтару жөніндегі қарыздар міндеті негізгі

міндет болып табылатындығын, ал өсім ретіндегі айыптарды төлеу қосымша міндет болып саналатындығын ескеру керек.

Проценттер қарызға алынған қаржыларды пайдаланғаны үшін төлем болып табылады. Ал ол, әдетте нақты берілген қарыз ақшалардан өндіріліп алынады. Экономиканы қысқа мерзімдік несиелеу ережесіне сәйкес проценттерді аванспен алу тек тараптардың келісімі бойынша көзделуі мүмкін.

Тараптар шартында несие қайтарудың уақытын өткізіп алғаны үшін алынатын санкциялардың тұрақты сомасы (бір жолғы айып, айып пұл) және ағымдағы (өсім, немесе жылдық ақыны не проценттерді көтеру) түрі көзделуі мүмкін.

Жоғары процент түріндегі несиені қайтарудың мерзімін өткізіп алғаны үшін шартта белгіленген санкциядан банк тараптардың несие шарттарында банкінің несие шартының қызмет мерзімін ұзартумен байланысты несиені пайдаланғаны үшін процент төлемінің арттырылуын (өсуін) көздеуі мүмкін екендігін төрелік соттар назарға алуы тиіс.

Ұзартылған несиені пайдаланғаны үшін арттырылған проценттік ставка санкция болып табылмайды және төрелік соттар оны қарыз қаржылардың келісілген түрі ретінде бағалауы тиіс.

7. Қарыз беруші-банктердің үшінші адамдардан, оның ішінде сақтандыру ұйымдарынан, несиелік келісім бойынша шығындардың орнын толтыру туралы шағымдарын қараған кезде, шаруашылық жүргізуші субъектілермен қатар сақтандыру ұйымдары да және банктік кепілдіктер бойынша банктердің өзі де кепілдік хат беруші және кепіл бола алатындығын ескеру керек.

Бұған орай сақтандыру ұйымындағы кепілдік пен кепілдік хат беру міндеті сақтандыру шартынан емес, азаматтық заңның тиісті нормаларымен реттелетін кепілдік пен кепілдік хат берудің құқықтық қатынастарынан туындейды.

Кепілдік берушіге талап қоярдан бұрын несиегер-банк ол талапты қарыздардың қанағаттандыруына орынды шаралар қолдануы, оның ішінде кепілге салынған мүлікті өндіріп алушы мәлімдеу, ал қарыздар банкрот болған жағдайда - конкурстық процеске қатысуы керек.

Осыған орай төрелік соттар Экономиканы қысқа мерзімдік несиелеу ережелерінің 26 бабын басшылыққа алу керек. Оған сәйкес кепілші өзінің есеп айырысу шоты тұрған жердегі банк мекемесіне кепілдік хат тапсырады. Ал ол арыздар (принципал) ссуданы және оның проценттерін толық өтегенге дейін сақталады. Қарыз беруші банкке кепілшіге қызмет ететін банктің кепілдік орындауға қабылданғаны туралы белгісі бар, банк басшысы мен бухгалтер қол қойған кепілдік хатының көшірмесін ұсынады.

8. Кепілдік міндеттемелерінен туындастын дауларды қараған кезде кепілдік затқа азаматтық айналымнан шығарылмаған кез келген мүлік жататындығын

ескери керек. Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес оларды өндіріп алуға рұқсат етіледі.

Сонымен бірге мүлікпен қатар ақша қаржылары, бағалы қағаздар және мүліктік құқықтар кепілдік затына жатады. Қарыздардың өзі не үшінші жақ (зат тапсыруши) кепілдік беруші ретінде бола алады.

Несие ресурстарын тартатын банктер Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің рұқсатынсыз мүлікті кепілдікке тапсыруға құқы жоқ.

9. Банк пен клиенттер арасындағы дауларды қарау барысында соттар банк операцияларын тиісті түрде орындағаны үшін банктің материалдық жауапкершілігі туралы мәселені тараптардың банктік салым, шот, несие, депозит т.б. келісімдерде ескеретіндігін ұмытпау қажет. Банк операцияларын тиісті түрде орындағаны үшін банктер немесе клиенттер Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі бекіткен Қазақстан Республикасында қолма-қол ақшасыз есеп айырысады жүргізуіндегі тәртібін бұзғаны үшін Экономикалық санкциялар туралы ережеге сәйкес жауапкершілікке тартылады. Аталған санкциялар (занды айыптар) оларды төлеу міндетті тараптардың келісімінде көзделген-көзделмегеніне қарамастан өндіріліп алынады.

Тараптардың бірі банк органдары болатын шарттар бойынша шығындардың орнын толтыру мәселесі Қазақстан Республикасы Жоғары Төрелік Соты Пленумының 21.07.94 жылғы "Шығындарды өндіріп алу туралы дауларды қарау тәжірибесі туралы" N 5 Қаулысына сәйкес шешілуі керек.

10. Сақтандыру шарттарынан туындастырылған жағдайларға баға берген кезде төрелік соттар Қазақстан Республикасы Президентінің 16.04.94 жылғы "Сақтандыру нарығын қалыптастыру және дамыту жөніндегі ұйымдық-құқықтық шаралар туралы" N 1658 U941658\_ Жарлығын басшылыққа алғандары жөн. Ол сақтандыру қызметін міндетті түрде лицензиялауды енгізді, осымен байланысты сақтандырушылардың құқықтық мәртебесі осы құжаттармен бекітілуі тиіс.

Сақтандыру төлемінің жасалмауы сақтандыру шартының тоқталуына әкеліп соғады. "Қазақстан Республикасындағы сақтандыру туралы" Заңының 10 бабында мерзімі өтіп кеткен сақтандыру төлемін бір ай мерзім ішінде сақтандырушы төлеген жағдайда мерзімінен бұрын тоқтатылған сақтандыру шарттарын қайта жандандыру тәртібі белгіленген. Шарт төлем енгізілгеннен кейін келесі күні күшіне енеді және оны жаңғырту туралы жазбаша өтініштің қажеті жоқ.

11. Төрелік соттар несиені уақытылы қайтармағаны үшін қарыздар жауапкершілігінен сақтандыру шарттары мен несиені өтемеу тәуекелін сақтандыру шарттарын бөліп қарауы керек. Бірінші жағдайда, келісім субъектілері өз мүддесін - ссуданы уақытылы қайтаруды сақтандырып отырған - қарыз беруші мен сақтандырушы болып отыр. Бұл жағдайда несиегер-банк осы

шарт бойынша пайда табушы ретінде бола алады. Несиені өтемеу тәуекелінен сақтандыру шарты бойынша несиегер-банк сақтандырушы және шарт жөніндегі тарап болып табылады.

Егер шарт қатынастарды реттеу тәртібі ерікті сақтандыру ережелеріне сәйкес жүргізіледі деген сілтемесі бар сақтандыру полисін беру арқылы бекітілген болса , төрелік соттар міндетті тұрде оларды тараптардан талап ету қажет.

Сақтандыру шарты өзінің пайдасына жасалған сақтандырушы немесе пайда табушы сақтандыру есесін төлеу туралы талап етуге құқылы. Бұған орай төрелік соттар сақтандыру компанияларының сақтандыру есесін төлеуден бас тартуының себептерін анықтауы және қажетті жағдайларда мүдделі адамдардың талабы бойынша "Қазақстан Республикасындағы сақтандыру туралы" Заңының 9, 13 бабына сәйкес сақтандыру шартын заңсыз деп тану туралы мәселені шешуге тиіс .

Қарыз берушінің өзі алған несиені қайтармаудың тәуекелін сақтандыру шарттарынан туындаитын дауларды шешкен кезде төрелік соттар "Қазақстан Республикасындағы сақтандыру туралы" Заңы 14 бабының талаптарын басшылыққа ала отырып сақтандыру жағдайының пайда болу фактісімен қатар оның туындауына сақтандырушының өз кінәсіна да баға беру керек.

12. Осы санаттағы істерді қараған кезде төрелік соттар ссудалардың уақытылы қайтарылмауының, банктік шот және салымдар шарттары бойынша банктердің міндеттемелерін орындамаудың, несие қаржыларын мақсатсыз қолданудың, рұқсат қағазсыз банк және сақтандыру қызметімен шұғылданудың себептерін терең зерттеуі және бұған жеке үйғарымдар арқылы әсер етіп, қажетті жағдайларда осыған тікелей жауапты адамдарды жауапкершілікке тарту мәселесін қоюы керек.